



КОНКУРС «Астана и Президент»

**Асқарова Гүлниса,
Рудный-әлеуметтік гуманитарлық колледжінің 1 курс
студенті**

Астана – Тәуелсіздік жемісі, Елбасының жеңісі

Бүгінгі Астана мен келешек
Астана – бұл біздің стратегиялық
ойларымыз бен ұмтылыстарымыздың ең
басты жеңісі.
Н. Назарбаев

Неге Астананы Тәуелсіздік жемісі, Елбасының жеңісі деймін?

Бір ауыз сөзбен жауап беру, әрине, қиын. Алдымен “жеңіс” және “жеміс” сөздерінің мағынасын ашып көрейік. Қазақ тілі сөздігінде (А., 1991ж.): “Жеңіс – белгілі бір мақсатты жүзеге асырудың зор нәтижесі, табысы, жемісі”, ал жеміс туралы “бір нәрсенің, еңбектің табысты нәтижесі, қорытындысы” деп көрсетілген. Яғни бұл екі сөз мағына жағынан бір-бірінен алыс кетпейді.

Сонымен, Астананы қалайша Тәуелсіздік жемісіне балаймын?

Тарихтан білеміз: кезінде мызғымас одақ саналатын, 15 республикадан құралған Кеңестер Одағы күйреп, ыдырағанда, Қазақ елі өз тәуелсіздігін жариялады.

Иә, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздік салтанат құрды. Халқымыздың бағына мемлекет басшысы болып Н.Ә. Назарбаев сайланды. Асқақ армандар мен игілікті идеяларды жүзеге асыру мүмкіндігі туды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Б. Жұмағұловтың: “Барлық ұлы адамдар секілді, ол уақыттан озып, өз елінің болашағын анық көре білді”, - деген сөзі Нұрсұлтан Әбішұлына қарата айтылғандай әсер қалдырады. Тәуелсіздіктің сонау қиын-қыстау жылдары салмақты уәждерімен жаңа астана тұрғызу қажеттігін шегелеуі өз жемісін берді. Әрине, бұл ретте Елбасы халқына сенді. Бұған Нұрсұлтан Әбішұлының: “Елім үшін, халқым

үшін, Қазақстаным үшін тарихтың қай сынағына да тәуекел деп бас тігуге дайынмын. Бұл жолда ең алдымен халқыма, дархан еліме, ата-бабаның аруағына сүйенемін”, - деген сөздері айғақ. Сөйтіп, “Жұмыла көтерген жүк жеңіл” демекші, Тәуелсіздіктің мәңгі жемісі – еліміздің бас қаласы, жас қаласы – Астана бой көтерді. Қандай да болсын өркендеп, дамыған ел өз астанасымен көрікті.

Бүгінде “Астана – Елбасының ерлігі”, “Астана – Елбасының төл перзенті” деп жатады. Ал, мен өз тарапымнан “Астана – Елбасының жеңісі” дер едім. Жеңіс ерен ерлікпен келері хақ. Елбасының бас қаланы Сарыарқаның төсіне көшіру идеясы және оны жүзеге асыруы – біздер, өскелең жастар, үшін аңызға бергісіз, сөзсіз ерлік саналады. Осы идеяны Елбасының көтеруінің өзі оның кемеңгер екендігін көрсетеді.

XVII ғасырда өмір сүрген ағылшын ақыны Джордж Герберттің “Келешегін болжай алмаған көштен қалады”, - деген сөзі бар. Ал, Елбасымыз елінің келешегін болжай білді. Н. Назарбаевтың көрегендігін бүкіл әлем мойындап отыр. Оның бір дәлелі ретінде РФ Президенті Д. Медведевтің мына сөздерін келтіре кетейін: “Ол Астанаға тек өзінің еңбегін ғана жұмсап қойған жоқ, сонымен бірге жүрек жылуын арнағанын біз барлығымыз білеміз. Бүгін біз Астана – оның төл перзенті, оның ерен жетістігі және зор мақтанышы екенін айтуға тиіспіз”.

Иә, парасатты, көреген, кемеңгер басшымыз Н. Назарбаев басшылық жасап келе жатқан тәуелсіздік жылдары еліміз үшін жемісті жылдар болғанына бірер мысал келтіріп кетейін. Себебі Астананың гүлденуі – ол Қазақстанның гүлденуі. Қазақстанның жүрегі – Астана мықты болса, ел мерейі үстем болмақ.

Ал, ел мерейін асырған жеңісті күндер осы тәуелсіздік жылдары аз болған жоқ. Солардың кейбірін атап өтейін. Алдымен біз үшін үлкен жеңіс – ол Тәуелсіздіктің салтанат құруы. Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Заң қабылдады. Бұл күн біздің еліміздің тарихына Тәуелсіздік күні болып енді. Бұдан кейін де Елбасының тікелей қатысуымен жүзеге асқан жеңісті сәттер көп болды. Солардың бірерін атап өтсем, жеткілікті болар. Олар: Қазақстанның БҰҰ-ға мүше болып кіруі, ұлттық валютамыз – теңгенің дүниеге келуі, төл Ата Заңымыздың, Мемлекеттік нышандарымыздың қабылдануы бұрын-соңды болмаған жағдай – қазақтардың, Т. Әубәкіровтің, Т. Мұсабаевтың ғарышқа ұшуы, бұрын-соңды қазақ ғұламаларының мерейтойлары әлемдік деңгейде аталып өтіп пе еді?

[Введите текст]

Жоқ, әрине. Тәуелсіздіктің сыйы болар, қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың 150 жылдығы, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде тойланып өтті. Күні кеше ғана Орта Азия мен ТМД елдері арасында бірінші болып Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуді бастағанын айтып өтпеске болмайды.

Осылардың бәрі Астананың өзінде, Ақорданың төрінде Елбасының қол қойылған жарлықтарымен жүзеге асып жатты. Осылардың бәрін Тәуелсіздік жемісі, Елбасының жеңісі деп қалай айтпасқа?!

Мен Астананың болашақта әлем жұртшылығының рухани астанасына айналуы үшін түн ұйқысын төрт бөліп жүрген Елбасының ерен еңбегіне ризамын.

Мемлекеттік хатшы, ҚР Сыртқы істер министрі Қ. Саудабаев айтқандай: “Астана – Қазақстанның тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың ғасырлық қолтаңбасы, тәуелсіз еліміздің тарихи жеңісі!”

Мен Астанада болған емеспін, бірақ Астанадай әлемде екінші қаланың жоқ екенін сеніммен айта аламын. Ал, арманым – кез келген Қазақстан азаматы сияқты елімнің тірегі – Астананы көру. Мен әлемді таң қалдырған Астанамен, тәуелсіз Қазақстанмен мақтанамын және Қазақстанның жеңістерін баянды етуге, Отанымның жүрегі – Астананың қуаттанып, көркейіп, гүлдене беруіне өз үлесімді қосқым келеді.

Астана туралы толғауымды өзімнің мына өлең жолдарыммен аяқтағым келеді:

Астана – армандардың биігісің.

Елімнің тірегі, жүрегісің.

Кешегі ата-баба арман еткен

Тәуелсіз елімнің ертеңісің.

Бірлік пен берекесі жарасқан

Жасампаз елімнің жеңісісің.

Елбасы ерлігінің жемісісің.